

**Байулов Гани Бекхожаевичтің 6D010300 - «Педагогика және психология»  
мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін даярлаған  
«Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің қалыптасуы мен дамуы»  
атты диссертациясына  
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ**

Байулов Гани Бекхожаевичтің «Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің қалыптасуы мен дамуы» атты даярлаған диссертация жұмысы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы, ҚР этно-мәдени білім беру тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы бағыттарға сәйкес келеді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы «Тұған жер» бағдарламасы шеңберінде басылымдықтардан туындайтын жаңа міндеттерді шешу сұраныстарына жауап беруге ықпал етеді.

Докторант Г.Б.Байулов өз жұмысына жасалған түйіндері өте орынды, ғылыми зерттеуде нақты көрсеткен:

**Бірінші ғылыми нәтиженің тұжырымдалуы:** Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің қалыптасып дамуына ықпал еткен саяси, тарихи-әлеуметтік факторларға сипаттама беріліп, музыкалық білім дамуының әдіснамалық-теориялық негіздері анықталды.

**Екінші ғылыми нәтиженің тұжырымдалуы:** Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің даму жүйесінің кезеңдерін айқындалып, ерекшеліктері жүйелі түрде сипатталған.

**Үшінші ғылыми нәтиженің тұжырымдалуы:** Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білім дамуының музыка бағдарламаларындағы, мемлекеттік стандарттардағы көрінісін айқындалған.

**Төртінші ғылыми нәтиженің тұжырымдалуы:** біріншіден, отандық музыкалық білім беру тәжірибесін құндылық ретінде пайдалану жолдарын айқындалған; екіншіден, болашақ музыка мұғалімдеріне арналған «Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білім мазмұны» атты арнаулы курс бағдарламасы жасалынған және тәжірибелік-эксперименттік жұмыста оның тиімділігі тексеріліп, дәлелденген.

Ғылыми нәтижелер, тұжырымдар мен қорытынды негізделген әрі шынайылығы айқындалған. Докторант Г.Б.Байуловтың зерттеу жұмысының ғылыми-теориялық негіздемесі, мазмұндық үлгісі және нәтижелері жоғары оқу орындарында мамандардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру және кәсіби даярлау жүйесінің мақсат-міндеттерінің орындалуы үшін қолдануға мүмкіндік береді. Болашақ педагогтарға арналған «Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білім мазмұны» атты элективті курстың бағдарламасы ЖОО-да практикалық тұрғыдан қолдануға болады.

Диссертация жұмысының тараулары және параграфтары арасындағы логикалық байланыс пен сабақтастық принципі сақталған. Әр тараудың ғылыми нәтижелері ішкі бірлікте баяндалып, нақты тұжырымдармен дәйектелген.

Докторант Г.Б.Байуловтың диссертациясын құрылымдық жағынан толық аяқталған теориялық және қолданбалы маңызы бар ғылыми жұмыс ретінде бағалаймын.

Аталған диссертацияны орындау барысында докторант өзін жақсы жағынан көрсетті: ізденімпаз, креативті ойлау қабілеті мол, зерттеушілік мәдениеті жоғары, еңбекқор. Зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің басылымдарында, халықаралық Web of Science компаниясының деректер базасына кіретін ғылыми журналында, халықаралық

және республикалық ғылыми-практикалық конференция жинақтарында мақалары жарияланған.

Байулов Ғани Бекхожаевичтің 6D010300 - «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін даярлаған «Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің қалыптасуы мен дамуы» атты диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына сай орындалған және қорғауға ұсынуға болады.

Ғылыми кеңесші:

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда

мемлекеттік университеті,

«Педагогика және психология» кафедрасының

профессор м.а.,

педагогика ғылымдарының докторы:

*Ш.М. Майгельдиева*

Ш.М. Майгельдиева

*о/а*

